

№8 «Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасында 2024 жылдың 02 қыркүйек күні жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жүйелі жұмыстар жүргізу, қамқоршылық кеңес мақсатында өткен жиналыстың

№1 хаттамасы

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға материалдық көмек көрсету мақсатында қамқоршылық кеңес құру.
2. 2024-2025 оқу жылына балабақшаның қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру, қамқоршылық кеңесінің құрамын сайлау, қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекіту.
3. «Мектепке жол» қамқорлық акциясын ұйымдастыру және өткізу

Тыңдалды:

1. **Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Задаева сөз алды**

Жалпы білім беру мекемесінің Қамқоршылық кеңесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 44- бабының 9 –тармағына сәйкес жалпы білім беру мекемесінің өзін-өзі басқару түрі болып табылады. Қазіргі таңда балабақшада әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілер бар. Мұндай толық емес отбасы, аз қамтамасыз етілген, күн көрісі төмен отбасынан шыққан балалар тек ерекше тәрбие мен білім беру тәсілдеріне ғана емес, сондай –ақ материалдық қолдауға мұқтаж. Осы мақсатта әрбір мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңес құру керек деп ойлаймын. Қамқоршылық кеңестің басты міндеттерінің бірі балабақша дамуының бюджеттен тыс қорын қалыптастыру. Оның қаражатын ашық және ұтымды бөлу. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

Шығып сөйлеуші қамқоршылық кеңес төрағасы: Е.Бисембаев

Жоғарыда қозғалған жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен күн көрісі төмен отбасынан шыққан балаларға жүйелі материалдық көмек көрсету балабақша әкімшілігіне жүктеліп отыр. Аудандық білім бөлімінен келген катынас қағазды басшылыққа ала отырып, мөлтек аудан бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тізімі алынып, жоспардағы жұмыстар жүзеге асырылуы тиіс. Ол үшін балабақша педагогтары мен белсенді ата-аналар арасынан бастамашыл топ құру керектігін ұсынамын.

2. **Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша қамқоршылық кеңес хатшысы бөбекжай-бақша әдіскері Г.Мамбетова**

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау мақсатында балабақшаның материалдық – техникалық базасы нығайтылып, акция, балабақшаішілік шаралар ұйымдастырылды. Балабақшаішілік байқаулар мен сайыстардың жоспарланғандығын алдағы уақытта ұйымдастырылып, жүзеге асырылатындығы жайлы баяндады. Сондай –ақ, қамқоршылық кеңесінің құрамына төмендегі кісілерді ұсынды.

1. Е.Бисембаев – «Әділет-Жер» ЛТД төрағасы, кеңес төрайымы.
2. Г.Мамбетова – балабақша әдіскері, хатшы
3. А.Бектасова – ата-ана, кеңес мүшесі
4. Д.Алмағанбетов – жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі

5. Д.Бухпанов - ата-ана, кеңес мүшесі
6. И.Пржанова- ата-ана, кеңес мүшесі
7. А.Испаналиева- кәсіпкер, кеңес мүшесі
8. Қ.Сарөзенов- ата-ана, кеңес мүшесі
9. Ж.Ақшалова- ата-ана, кеңес мүшесі

Одан әрі балабақша меңгерушісінің №69 бұйрығымен негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары , ұйымдастыру мен тәртібі, мақсаттары мен міндеттері жайлы танысып, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстарға тоқтала келе, қамқоршылық кеңесінің құрамына мүшелер бірлесе жоспарланған жұмыстардың жүзеге асырылытанын айтты.

Жарыссөзге: Ата-ана: А.Бектасова

№8 «Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңесінің жоспарымен таныстық , ата-ана ретінде қолдау көрсетемін. Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайланған кеңес мүшелеріне еш қарсылығым жоқ. Алдағы уақытты балабақша өміріне белсене араласып, бірге жұмыс жасаймыз.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Задаева:

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған және көп балалы отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік!» атты айдарымен өткізілуде. Акция мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету болып табылады. Осы акция мақсатына сәйкес балабақша аспазшысы көп балалы ана А.Қапбарованың қызы Бауыржанқызы Бағжанға жаңа оқу жылына арналған оқу құралдары мен сөмкесі алынып берілді.

Күн тәртібіндегі мәселені тыңдай келе жиналыс қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 44- бабының 9 –тармағына сәйкес қамқоршылық кеңесі құрылып, оған басшылық жасау балабақша әдіскері Г.Мамбетоваға міндеттелсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегі кісілерден сайлансын:

- 1.Е.Бисембаев –«Әділет-Жер»ЛТД төрағасы ,кеңес төрайымы.
- 2.Г.Мамбетова– балабақша әдіскері, хатшы
- 3.А.Бектасова – ата-ана, кеңес мүшесі
- 4.Д.Алмағанбетов –кәсіпкер, кеңес мүшесі
5. Д.Бухпанов - ата-ана, кеңес мүшесі
- 6.И.Пржанова- ата-ана, кеңес мүшесі
- 7.А.Испаналиева- кәсіпкер, кеңес мүшесі
- 8.Қ.Сарөзенов- ата-ана, кеңес мүшесі
- 9.Ж.Ақшалова- ата-ана, кеңес мүшесі



Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:

А.Задаева

Г.Мамбетова